

«Сарыжар ЖОББМ» КММ-нін
3 «А» сыныбының 2022-2023 оқу жылындағы
жүргізілген тәрбие жұмыстарының сараптамасы

2022-2023 оқу жылының басында 3 «А» сыныбында 19 оқушы болды ,7 -і ер бала, 13-і қыз бала. Оқу жылын осы 19/13 оқушымен аяқтады. Жоспар бойынша барлық жұмыстар уақытында жүргізілді.

Қыркүйек айында «Білімге ұмтылу, еңбеккорлық және отаншылдық қасиет», «А.Байтұрыснов 150 жыл», «Өмір қауіпсіздік ережелері», «Өзге тілдің бәрін біл.Өз тілінді құрметте!» тақырыптарында тәрбие сағаттары өткізілді. Сонымен катар М.Әуезовтың 125 жылдығы, М.Мәметованың 100 жылдығы да атап өтілді. Оқушылар түрлі сайыстарға қатысты. Республикалық «Бояулар құпиясы» атты жас суретшілер байқауына қатысып, өз жұмысымен өзгелерден үздік шықканы үшін Параҳат Айбат 1 орын дипломмен марапатталды.

Қазан айында «Қарты бардың –қазынасы бар» ,« Біз кімдерден үлгі алу керекпіз? », «Тыйым сездер мен ырымдар » тақырыбындағы тәрбие сағаттары өткізілді. Қазан айының 7-11-і аралығында өткізілген Республикалық “Кенгуру-математика барлығы үшін” интелектуалды ойын-конкурсына 7 оқушы қатысып, барлығы I, II, III дәрежелі дипломдармен марапатталды. Сыныпта “Менің Отаным-Қазақстан!” атты тәрбие сағаты өтіп, мектептің әлеуметтік желісінде жарияланды.

Қараша айында «Мақатаев оқулары» конкурсына бірнеше оқушы қатысып, I оқушы бас жүлде, қалғандары I, II орын дипломмен марапатталды. «Бала дауысы-2022» Патриоттық әндер байқауына белсене қатысқаны үшін Дәүкен Ерасыл марапатталды. Желтоқсан айында «Тәуелсіздік таны атқан күн » атты тәрбие сағаты өтіп, мектептің әлеуметтік желісінде жарияланды.

3 «А» сыныбын мектепте ұйымдастырылған « Қош келдін, жаңа жыл, жаңа белес, жаңа арман» атты жаңа жыл мерекесінде «Аққалалар шеруінде» белсенділік танытып, қолөнерді жоғары деңгейде дайындағаны үшін I орын алғысхватпен марапаттады.

II жартыжылдықтың басында 3 «А» сыныбында 19 оқушы болды. Жоспар бойынша барлық жұмыстар уақытында жүргізілді.

Қаңтар айында «Интернеттің пайдасы мен зияны», «Р.Бағланова 100 жаста», «Адам бойындағы асыл қасиеттер» тақырыптарында атақты тұлғалардың өнегелі өмірлері жас үрпактарға насиҳатталды.

Ақпан айында « Таза болса табиғат, аман болар адамзат», «Біз құқық бұзушылыққа қарсымыз», «Қазактың ұлттық киімдері» тақырыптары қамтылды.

бере
білтім
Барлыгы
көпшілік
окушы

